



Инвестициялар мен Экспорттық несиелендіруді сақтандыру жөніндегі Ислам Корпорациясы Құрылтай Шартының Баптарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы. 2003 жылғы 8 қаңтар N 380-II

Триполиде 1992 жылғы 19 ақпанда жасалған Инвестициялар мен Экспорттық несиелендіруді сақтандыру жөніндегі Ислам Корпорациясы Құрылтай Шартының Баптары бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

И Э Н С И К

Тәуекелді толығымен жабу. Толық құпия

**ИНВЕСТИЦИЯ МЕН ЭКСПОРТТЫҚ НЕСИЕЛЕНДІРУДІ
САҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ИСЛАМ КОРПОРАЦИЯСЫ
ҚҰРЫЛТАЙ ШАРТЫНЫҢ БАПТАРЫ**

Ислам Даму Банкінің бөлімшесі

Осы Шарттың тараптары болып табылатын мемлекеттер және Ислам Даму Банкі,

Ұйымның Жарғысында көрсетілгендегідей, Ислам Конференциясы Ұйымы мақсаттарының бірі мемлекеттері-мүшелерінің арасында экономикалық және әлеуметтік салалардағы ынтымақтастықты дамыту және қолдау болып табылатынын ескере отырып;

Ислам принциптері мен идеясының негізінде Ислам Конференциясы Ұйымы мемлекеттері-мүшелерінің арасында экономикалық қатынастарды нығайтуды тілей отырып;

Олардың дамуға ұмтылысын нығайту және жәрдемдесу мақсатында капиталдың қозғалысын ынталандыруға және Ислам мемлекеттерінің арасында сауда қатынастары ауқымын арттыруға талпына отырып;

Мыналарды:

(а) Шарифаттың ережелеріне сәйкес аталған Шарттың тараптары болып табылатын мемлекеттердің аумағында инвестициялардың сақтандырылуын қамтамасыз етуді өзіне алу үшін Ұйым Ислам Даму Банкі арқылы Ислам Инвестицияларды кепілдендіру институтын құруды көздейтін Ислам Конференциясы Ұйымы мемлекеттері-мүшелерінің арасындағы инвестицияларды қолдау, қорғау және кепілдендіру туралы шарттың 15-бабын;

(б) Ислам мемлекеттерінің коммерциялық және коммерциялық емес тәуекелдерге қарсы жасасқан сауда мәмілелерін қорғау жөніндегі экспорттық-несиелік сақтандыруды жүзеге асыру тетігін Шарифаттың ережелеріне сәйкес құру жөніндегі

Хижра бойынша 1410 жылы Сафар айында Түркия Республикасы, Стамбулда оның Бесінші Сессиясын өткізу уақытында Ислам Конференциясы Ұйымының Сауда және Экономикалық Ұнтымақтастық (COMCEC) жөніндегі Тұрақты Комитеті ұсынған ұсынымдарды;

назарға ала отырып,

мына төмендегілер туралы келісті.

I ТАРАУ. МЕКЕМЕ, АНЫҚТАМАЛАР, МӘРТЕБЕСІ, БАС ОФИС, МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, МҮШЕЛІК.

1-бап. Құру.

Осы Шарттың ережелеріне сәйкес Ислам Даму Банкінің корпоративтік бөлімшесіне бағынышты болып табылатын Корпорация "Инвестициялар мен Экспорттық Кредиттерді Сақтандыру Ислам Корпорациясы" (бұдан әрі "Корпорация") толық атауымен құрылады.

2-бап. Анықтамалар.

Осы шартта, егер контексте басқа көзделмесе, төменде келтірілген сөздер мен терминдер мынадай мағынаны білдіреді:

Ұйым: Ислам Конференциясының ұйымы

Банк: Ислам Даму Банкі.

Мемлекет-мүше: Осы Шарттың тарапы болып табылатын Ұйымның мемлекеті-мүшесі.

Мүшелер: Банк және Мемлекеттер-мүшелер.

Экспорттық кредит: Экспорттық мәмілелерге жататын кредит.

Келген елі: Аумағында инвестициялар сақтандырылған немесе қайта сақтандырылған, не болмаса аумағында Корпорация сақтандыруды немесе қайта сақтандыруды өткізуді ұйғарып отырған мемлекет-мүше; сондай-ақ аумағына сақтандырылған немесе қайта сақтандырылған кредиттердің есебінен қаржыландыратын тауарлар, не болмаса Корпорация сақтандыруға және қайта сақтандыруға ұсынатын тауарлар импортталатын Мемлекет-мүше.

Инвестицияларды сақтандыру: Осы Шарттың 17-бабында анықталған инвестициялар үшін, осы Шарттың 19-бабының (2) тармағында белгіленген тәуекелдерге, не осы Шарттың 19-бабының (3) тармағына сәйкес Директорлар Кеңесі өтеу үшін мақұлдаған тәуекелдерге қарсы Корпорация қамтамасыз ететін сақтандыру өтемі.

Экспорттық-Корпорация экспорттық кредиттер үшін осы
кредиттік сақтандыру: Шарттың 19-бабының (1) және (2) тармақтарында
анықталған тәуекелдерге, не осы Шарттың
19-бабының (3) тармағына сәйкес Директорлар
Кеңесі өтеу үшін мақұлдаған тәуекелдерге
қарсы қамтамасыз ететін сақтандыру өтемі.
Сақтандыру шарты Инвестицияларды сақтандыру шарттары, не
(шарттары): экспорттық кредиттеуді сақтандыру шарттары.
Қайта сақтандыру Сақтандыру шартына, не Корпорация
шарты (шарттары): сақтандырған немесе қайта сақтандырған
тәуекелдерді беру үшін Корпорациямен жасасқан
Қайта сақтандыру шартына қатысты Корпорацияның
қайта сақтандыруды қамтамасыз етуі.
Сақтандырушы: Жеке немесе заңды тұлға немесе осы Шарттың
(Полистің ұстаушысы) ережелеріне сәйкес Корпорациямен Сақтандыру
шартын жасасатын тұлғалар.
Сақтандырушының елі: Юрисдикциясында Сақтандырушы болатын
м е м л е к е т - м ү ш е .
Басқарушылар кеңесі: Корпорация Басқарушыларының Кеңесі.
Директорлар Кеңесі: Корпорацияның Директорлар Кеңесі.
Президент: Корпорацияның Президенті.
Ислам динары: Корпорацияның мөлшері Халықаралық Валюта Қоры
қабылдаған Қарыз алудың арнайы құқығының бір
көрсеткішіне баламалы есеп айырысу бірлігі.

3-бап. Мәртебесі.

Осы Шарттың 1-бабының ережелерін ескере отырып, Корпорация толық заңды
құқық қабілеті бар, атап айтқанда:
(а) ш а р т т а р ж а с а с у ғ а ;

(b) жылжитын және жылжымайтын мүлікті сатып алуға және иелік етуге;

(c) заң рәсімдерін белгілеуге құқығы бар Халықаралық ұйым болып табылады.

4-бап. Корпорацияның офисі.

(1) Корпорацияның бас офисі Сауд Аравиясы королдігі, Джидда қаласында.

(2) Корпорация басқа жерлерде өз агенттіктерін немесе филиалдарын аша алады.

5-бап. Мақсаттары мен міндеттері.

(1) Корпорацияның мақсаты сауда қатынастарының ауқымын кеңейту және Ислам
мемлекеттерінің арасында капиталдың қозғалысын арттыру болып табылады.

(2) Өз мақсаттарына жету үшін Корпорация осы шарттың 19-бабының (1) және (2)
тармақтарында санамаланған тәуекелдер, не осы шарттың 19-бабының 3-тармағына
сәйкес Директорлар Кеңесі анықтаған тәуекелдер басталуының нәтижесінде шығындар

туындаған кезде сақтандырушыға қолайлы сыйақы төлей отырып, осы Шарттың 16-бабында белгіленген талаптарға жауап беретін тауарларды Шариғаттың принциптеріне сәйкес экспорттық-кредиттік сақтандыруды немесе қайта сақтандыруды ұсынады.

(3) Құрылғаннан кейін өзіне қолайлы уақытта Корпорация Шариғаттың принциптеріне сәйкес Мүшелер осы Шарттың 19-бабының (2) тармағында санамаланған тәуекелдерге, не болмаса осы шарттың 19-бабының (3) тармағына сәйкес Директорлар Кеңесі анықтаған тәуекелдерге қарсы Мемлекеттерде-мүшелерде жүзеге асыратын инвестицияларды сақтандыруды және қайта сақтандыруды ұсынады.

(4) Корпорация өз мақсаттарына жету үшін қажетті немесе қолайлы деп есептейтін өкілеттіктерді жүзеге асырады. Өздерінің барлық шешімдерінде Корпорация осы баптың ережелерін басшылыққа алады.

6-бап. Мүшелік.

(1) Құрылтайшылары-мүшелері Банк және осы шарттың 61-бабында белгіленген күні немесе күніне дейін осы Шартқа қол қойған және мүшелікке енудің барлық басқа да шарттарын орындаған, осы Шарттың "А" қосымшасында санамаланған Ұйымның М е м л е к е т т е р і - м ү ш е л е р і .

(2) Ұйымның мүшесі болып табылатын кез келген басқа мемлекет барлық Мүшелер дауыстарының жалпы санының көпшілігімен берілетін Басқарушылар жалпы санының көпшілік дауыстарымен дауыс беру жолымен анықталуы мүмкін шарттарда осы Шарт күшіне енгеннен кейін өтінім бере және Мүше ретінде жіберіле алады.

(3) Ұйымның мүшесі болып табылатын мемлекет осы Шарттың 62-бабында анықталған жағдайларды қоспағанда, өз атынан осы Шартқа қол қою және осы Шартқа қатысты барлық мәселелер бойынша оны білдіру үшін тұлғаға немесе агентке уәкілеттік бере алады.

II ТАРАУ. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ.

7-бап. Корпорацияны қаржыландыру көздері.

Корпорацияны қаржыландыру көздері мыналардан тұрады:

- (a) Корпорацияның жарғылық (акционерлік) капиталына жарналар,
- (b) сақтандыру жөніндегі өтемақыларды төлеу үшін Корпорация талап ететін сома мөлшерінде Полистерді ұстаушылардың Корпорацияға төлейтін сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша жарналар,
- (c) ақшалай сома және сақтандыру жөніндегі өтемақыны төлегеннен кейін оған қатысты Корпорация құқықтық мирасқор болатын басқа активтер,
- (d) Корпорацияның активтерін инвестициялық салудан кіріс.

8-бап. Жарияланған жарғылық капитал.

(1) Корпорацияның жарияланған жарғылық капиталы осы Шарттың 9-бабының ережелеріне сәйкес әрқайсысы олардың Мүшелері сатып алу үшін қол жеткізілімді болатын номиналдық құны 1000 (бір мың) Исламдық динармен 100,000 (жүз мың) акцияға бөлінген 100,000,000 (жүз миллион) Ислам динарын құрайды.

(2) Жарияланған жарғылық капиталдың мөлшері барлық Мүшелер дауыстарының жалпы санының кемінде төрттен үші беретін Басқарушылардың жалпы санынан дауыстардың үштен екісінің дауыс беру жолымен ол қолайлы деп есептейтін мерзімде және жағдайларда Басқарушылар Кеңесінің шешімімен арттырылуы мүмкін.

9-бап. Капиталды қалыптастыру және акцияларды бөлу.

(1) Банк осы Шарттың 10-бабының (1) тармағына сәйкес оларды сатып алу үшін Корпорацияның 50,000 (елу мың) акциясына жазылады.

(2) Әрбір Мемлекет-мүше акцияларды сатып алу жолымен Корпорацияның жарғылық капиталына жарна төлейді және Мемлекет-мүше сатып алатын акциялардың ең аз мөлшері 250 (екі жүз елу) акция болып табылады.

(3) Әрбір Мемлекет-мүше осы Шарттың 61-бабының (1) тармағында анықталған мерзім басталғанға дейін олар сатып алған акциялардың саны туралы хабарлауы тиіс.

(4) Осы баптың (2) тармағының ережелерін ескере отырып, осы Шарттың 6-бабының (2) тармағына сәйкес мүшелікке қабылданған мемлекет Басқарушылар Кеңесі анықтаған Корпорацияның төленбеген акцияларының санын сатып алады.

(5) Егер Басқарушылар Кеңесі жарғылық капиталды арттыру өтемді әрекет деп есептесе, онда Басқарушылар Кеңесі анықтаған мерзімде және жағдайларда, бұл ретте жоғарыда айтылған жағдайлар кез келген арттыруға және осы баптың (4) және (6) тармақтарына сәйкес тек Басқарушылар Кеңесі белгілеген талаптарды орындау үшін ғана жүзеге асырылған жарғылық капиталдың мөлшерін кез келген бөлігін арттыруға қатысты қолданылмайтынын ескере отырып, осындай арттыруды жүзеге асыру сәтіне дейін жарғылық капиталға олар бұрын енгізген жарна мөлшерінің үйлесіміне тең жарғылық капиталдың арттыру үйлесіміне жарна енгізуге тиісті мүмкіндігі болады. Мүшенің бірде-біреуін жарғылық капиталдың кез келген бөлігіне күштеп жаздыруға б о л м а й д ы .

(6) Басқарушылар Кеңесі барлық Мүшелердің жалпы санының көпшілігін білдіретін Басқарушылардың жалпы санының көпшілік дауысымен дауыс беру негізінде Мүшенің өтініші бойынша Басқарушылар Кеңесі анықтаған жағдайларда Корпорацияның жарғылық капиталына осы мүшенің салым үлесін арттыра алады.

(7) Құрылтайшылар-мүшелер төлейтін акциялар номиналдық құны бойынша шығарылады. Әрбір басқа Мүше еш уақытта номиналдық құнынан төмен емес баға бойынша Басқарушылар Кеңесі анықтайтын акцияның сол санын және сол шарттарда сатып алады.

10-бап. Жарғылық капиталға жарналарды төлеу.

(1) Корпорацияның жарғылық капиталының Банкке тиесілі үлесін төлеу осы Шарт күшіне енгеннен кейін 30 (отыз) күннің ішінде айырбасталымды валютада жүзеге а с ы р ы л а д ы .

(2) Мүше-мемлекеттердің атынан құрылтайшылардың акцияларын төлеу былайша жү з е г е а с ы р ы л а д ы :

(а) әрбір акция құнының 50%-ы (елу пайызы) Корпорация үшін қолайлы айырбасталымды валютада екі тең бөлікпен қолма-қол ақшамен төленеді, оның біріншісі бекіту грамотасын немесе белгілі бір Мүше-мемлекеттің тарапынан қосылу туралы құжатты сақтауға бергеннен кейін 30 (отыз) күн ішінде төленеді; екінші бөлігінде бірінші бөлік төленгеннен кейін екі айдан аспайтын кезеңнің ішінде төленеді.

(b) Корпорация төленбеген капиталдың қалған бөлігі бойынша талаптарды өзінің міндеттемелерін орындау үшін оған қажет болатын жағдайда және мерзімдерде Корпорация үшін қолайлы еркін айырбасталымды валютада қоятын болады.

(c) Төленбеген капиталдың кез келген бөлігі бойынша талаптар барлық акциялар үшін бірдей болуы тиіс.

(d) Егер талап ету бойынша Корпорация алған сома талап етудің қажеттілігін туындатқан оның міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болса, Корпорация жиынтық түсімдердің мөлшері осы міндеттемелерді орындауға жеткілікті болғанға дейін капиталдың төленбеген бөлігін төлеу жөнінде қосымша талаптар қоюы мүмкін.

(3) Корпорация осы бапта сипатталған төлеудің кез келген тәсілі үшін орынды белгілейді. Егер өзгеше көзделмесе, осы баптың (2) тармағының (а) тармақшасында сипатталған шарттар бойынша акцияларды төлеу банк анықтауы мүмкін орында жүргізілетін болады.

11-бап. Өтеулер.

(1) Корпорация Мүше-мемлекеттерге талаптар бойынша жарғылық капиталға төленген соманы мүмкіндігінше жылдам қайтарады.

(a) Сақтандыру немесе қайта сақтандыру шартынан туындайтын, Сақтандырушылардың активтері жауап бермейтін талаптар бойынша төлеуге осы талап қойылатын болады, сондықтан да Корпорацияның осындай талаптың сомасына еркін айырбасталымды валютада толық немесе ішінара өтемі болуы тиіс; немесе

(b) Мүше-мемлекет жол берген төлеу жөніндегі кідіртуі негізінде талап қойылатын болады, соның салдарынан осындай Мүше-мемлекет ақы төлеу жөніндегі кідіртуді толық немесе ішінара жоюға тиіс болады; немесе

(c) Басқарушылар Кеңесі дауыстардың жалпы санының кемінде үштен екісі санымен дауыс беру негізінде Корпорацияның қаржылық жағдайы оған осы соманы толық немесе ішінара қайтаруға мүмкіндік беретінін анықтайды.

(2) Осы баптың негізінде Мүше-мемлекеттің пайдасына жүзеге асырылатын кез келген қайтару осындай қайтару басталғанға дейін талаптарға сәйкес төленген жалпы сомаға Мүше-мемлекет жүзеге асыратын төлемдерге мөлшерлес еркін айырбасталымды валютада жүзеге асырылатын болады.

(3) Осы баптың негізінде Мүше-мемлекетке өтелген сомаға тең сома Мүше-мемлекеттің 10-баптың (2) тармағының (b) тармақшасының негізінде жарғылық капиталға төлеуге жататын міндеттемелерінің бөлігіне айналады.

12-бап. Жарғылық капиталға жататын шарттар.

(1) Акциялар қандай да болмасын кез келген нысанда кепілге алынуы немесе оларға борышпен ауыртпалық түсуі мүмкін емес және VI тараудың ережелеріне сәйкес Корпорациядан басқа ешкімге аударылуы мүмкін емес.

(2) Осы Шарттың ережелеріне сәйкес Мүшелердің жауапкершілігі жарғылық капиталға төленбеген соманың шегінде шектеледі.

(3) Өзінің мүшелігіне қарамастан, бір де бір Мүше үшінші тараптарға қатысты Корпорацияның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

13-бап. Капиталға қатысты іс-қимылдан туындайтын міндеттемелер мен құқықтар.

(1) Құрылтайшы шығыстар жарғылық капиталдың қаражатынан емес, Сақтандырушылар Қорының жинақталуы есебінен қайтарылатын заем арқылы төленеді.

(2) Жарғылық капитал Сақтандырушылар Қорында пайда болатын кез келген қорланулар бойынша бөлуге жатпайды.

(3) Сақтандырушылар Қорындағы қаражаттың кез келген жетіспеуі Сақтандырушылар Қорының жинақталуы есебінен қайтарылатын заем арқылы өтеледі.

III ТАРАУ. КОРПОРАЦИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

14-бап. Ресурстарды пайдалану.

Корпорацияның ресурстары мен мүлкі Корпорацияның тек осы Шарттың 5-бабында анықталған мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін ғана пайдаланылатын болады.

15-бап. Корпорацияның қызметіне жататын ережелер

(1) Өз қызметін жүзеге асыру үшін Корпорация

(a) қандай да бір тәуекелдерді немесе Корпорация сақтандырған немесе қайта сақтандырған тәуекелдерді заттандыру кезінде Сақтандырушылардың кез келгеніне келтірілуі мүмкін шығындарды ұжымдық өтеу арқылы Сақтандырушылардың өзара ынтымақтастығына қол жеткізу үшін барлық күштерін салады;

(b) Басқарушылар Кеңесі анықтауы мүмкін шарттардың негізінде сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларын жүргізу кезінде қорлануы мүмкін кірісті Сақтандырушылар арасында бөледі;

(c) бизнесте белгіленген іс-тәжірибеге сәйкес орнықты қаржылық жағдайды қолдау үшін тиісті негізде әрекет етеді.

(2) Егер түпнұсқа мәтіні бойынша өзгеше түсінілмесе, осы Шарттың сақтандыру жөніндегі операцияларға жататын барлық ережелері Корпорация жүзеге асыратын сақтандыру жөніндегі операцияларға да қатысты болады.

16-бап. Сақтандыруға жататын экспорттық кредиттеу.

Мүше-мемлекеттен басқа Мүше-мемлекетке экспортталатын тауарларға жататын барлық Экспорттық кредиттер мынадай жағдайда:

(а) Кредиттенудің мәні болып табылатын тауарлар өзінен осы тауарлар экспортталған келісілген қосылған құн Мүше-мемлекетке қайтарылуы тиіс жағдайда, толық немесе ішінара өндірілуі және шығарылуы, бір немесе бірнеше Мүше-мемлекетте құрастырылуы немесе өңделуі тиіс. Директорлар Кеңесі мезгіл-мезгіл тауарлардың түрлері мен айрықшылықтарын анықтайтын нұсқаулықтар шығарады, оларға сәйкес Корпорация Экспорттық кредиттерді және осы тауарлар өндірілген, шығарылған, өңделген немесе құрастырылған Мүше-мемлекетке қайтарылуы тиіс қосылған құнның ең төмен мөлшерін сақтандыра алады.

(b) Егер Директорлар Кеңесі басқаша анықтамаса, несие мерзімі бес жылдан аспайтын болса сақтандыруға жатады.

17-бап. Сақтандыруға жататын инвестициялар.

(1) Сақтандыруға жататын инвестицияларға кәсіпорындарға, олардың филиалдарына және агенттіктеріне тікелей инвестицияларды қоса алғанда Мүше-мемлекеттердің аумағында Мүшелер не Мүше-мемлекеттердің азаматтары жүзеге асыратын барлық инвестициялар; кәсіпорындардың акционерлік капиталына инвестициялар, оның ішінде осы кәсіпорындардағы акционерлер берген не кепілдік берген заемның негізгі сомасы; сондай-ақ Директорлар Кеңесі сақтандыруға жатады деп танитын тікелей инвестициялаудың басқа да барлық нысандары жатады.

(2) Қайта сақтандыру жөніндегі операцияларды қоспағанда, сақтандыру Корпорация сақтандыруға арналған өтінімдерді тіркегеннен кейін жүзеге асырылуы басталатын инвестициялар үшін шектелетін болады. Мұндай инвестициялар:

(а) қолда бар инвестицияларды жетілдіру, кеңейту немесе дамыту мақсатында жүзеге асырылған шетелдік валютаны аударуды, және

(b) өйтпесе Келген елінен тысқары жерлерге аударылуы мүмкін қолда бар инвестициялардан алынатын кірісті пайдалануды қамтуы мүмкін.

(3) Коммерциялық негізде жүзеге асырылатын жекеше, мемлекеттік немесе аралас инвестициялар Корпорацияның сақтандыруына жатады.

18-бап. Корпорацияның көрсететін қызметтерін алуға құқығы.

(1) Мынадай субъектілердің:
(а) Б а н к т і н ,

(b) кез келген жеке тұлғаның - Келген елі болып табылмайтын Мүше-мемлекет а з а м а т ы н ы ң , ж ә н е

(c) акцияларының немесе оның үлестерінің көпшілігі бір немесе бірнеше Мүшеге не азаматқа немесе бір немесе бірнеше Мүше-мемлекеттердің азаматына немесе азаматтарына тиесілі және бас офисі Мүше-мемлекеттің аумағында орналасқан кез

келген заңды тұлғаның Корпорацияның көрсететін қызметтерін алуға құқығы бар.

(2) Осы Шарттың 16 және 17-баптарын сақтай отырып және осы баптың алдыңғы тармақтарының ережелеріне қарамастан, Директорлар Кеңесінің қаулысымен заңды тұлға, егер тіпті оның бас офисі Мүше-мемлекеттің аумағында орналаспаса да, осындай заңды тұлға кемінде елу пайызға бір немесе бірнеше мүшеге не бір немесе бірнеше Мүше-мемлекеттердің азаматына немесе азаматтарына не осы баптың (1) тармағына сәйкес Сақтандыру немесе қайта сақтандыру шартының құқық қабілетті қатысушылары болуы мүмкін заңды тұлғаларға тиесілі болған жағдайда, Сақтандыру немесе қайта сақтандыру шартының қатысушысы ретінде жіберілуі мүмкін.

(3) Директорлар Кеңесі Келген елдің азаматы болып табылатын жеке тұлғаға не Келген ел аумағында тіркелген немесе капиталының едәуір бөлігі оның азаматтарына тиесілі заңды тұлғаға, егер

(а) сақтандыруға сұрау салу Келген елден және сақтандыруға мәлімдеушімен бірлескен болып табылса, және

(b) сақтандыруға жататын активтер Келген елден тысқары жерлерге аударылған немесе аударылатын болса сақтандыру құқығын қолдана алады.

(4) Егер сақтандыруға мәлімдеушінің біреуден артық азаматтығы болса, онда Мүше-мемлекеттің азаматтығы мүше болып табылмайтын Мемлекеттің азаматтығынан басым болуы тиіс, Келген елінің азаматтығы кез келген басқа Мүше-мемлекеттің азаматтығынан басым болады.

19-бап. Өтелген тәуекелдер.

(1) Корпорация коммерциялық тәуекелдердің мынадай түрлерінің бірі:

(а) сатып алушының дәрменсіздігі немесе банкроттығы,

(b) сатып алушының сатып алу-сату шартының міндеттемелерін орындаудан бас тарту немесе бұзуы не сатушының сатып алушыға қатысты барлық өзінің міндеттемелерін орындағанына қарамастан, оның тауарларды жеткізіп беруден бас тартуы немесе қабілетсіздігі,

(с) сатып алушының сатушыға сатып алынған зат үшін ақы төлеуден бас тартуы немесе сатушының сатып алушыға қатысты барлық өзінің міндеттемелерін орындағанына қарамастан, оның мұны істеуге қабілетсіздігі басталуы нәтижесінде болған шығындарға қатысты тиісті Экспорттық кредиттерді өтей алады.

(2) Корпорация тиісті Экспорттық кредиттерді, сондай-ақ төменде санамаланған коммерциялық тәуекелдердің бірі немесе бірнешеуі басталуы нәтижесінде болған шығындарға қатысты тиісті инвестицияларды өтей алады:

(а) **В а л ю т а а у д а р у**

Келген елі немесе Сақтандырушының мемлекеті үкіметінің осындай айырбастауды жүзеге асыруға осындай Сақтандырушының өтінімі бойынша ақылға қонымды мерзім ішінде әрекет етуден бас тартуын немесе қабілетсіздігін қоса алғанда, Келген елі немесе Сақтандырушының мемлекеті үкіметінің белгілі бір жергілікті валютаны

Келген елден немесе Сақтандырушының мемлекетінен тысқары жерде еркін айырбасталымды валютаға не Сақтандырушы үшін қолайлы басқа валютаға ауыстыруға шектеуді кез келген енгізуі; сондай-ақ Келген елінің немесе Сақтандырушы мемлекетінің өкімет органдарының айырбастау кезеңінде Сақтандырушыға қатысты тең құқықтан айырмайтын болып табылатын валютаның айырбастау бағамын енгізуі.

(b) Экспроприация және ұқсас шаралар

Келген елінің немесе Сақтандырушы мемлекетінің үкіметі тікелей немесе Сақтандырушының оның меншік құқығынан не оның Экспорттық кредит есебінен сатылған инвестициялары мен тауарларын немесе олардың аумақтарындағы экономикалық қызметті реттеу мақсатында үкімет әдетте пайдаланатын жалпы қолданыстағы кемсітпейтін шараларды қоспағанда, Сақтандырушының оның меншік құқығынан не белгілі бір инвестициялардан немесе белгілі бір тауарлардан туындайтын оның мүдделерін бақылау құқығынан айыруға өкілеттігі бар агент арқылы жасалған кез келген заңнамалық немесе әкімшілік іс-қимыл немесе жіберілген қателік. Осындай сипаттағы шараларға осы тауарлар тиелгеннен кейін Келген елінің Корпорация сақтандырған Экспорттық кредиттеудің мәні болып табылатын тауарлар импортына лицензияны жою; Келген елінің оның аумағына тауарларды әкелуге рұқсат беруден бас тартуы; сондай-ақ тауарлар транзитіне рұқсат беруден бас тартуы не Корпорацияның Мүшесі болып табылатын транзиттік мемлекеттің осындай тауарды тәркілеуі немесе тиым салуы жатады.

(c) Шартты бұзу

егер (a) Сақтандырушы міндеттемелерді орындаудан бас тартуға немесе шарттың ережелерін бұзуға байланысты өз талаптарын қанағаттандыру үшін сотқа немесе төрелік сотқа өтініш жасамаса не (b) осындай тексеру шешімін орындау Корпорацияның нұсқаулықтарына сәйкес Сақтандыру шартында көзделген тиісті кезеңде жүзеге асырылмаса не (c) осындай шешім орындалмаса, Келген елі немесе Сақтандырушының мемлекеті үкіметінің тарапынан міндеттемелерді орындаудан кез келген бас тарту немесе Сақтандырушымен жасалған шарттың ережелерін бұзу; және

(d) Соғыс және азаматтық тәртіпсіздіктер

Келген елі, Сақтандырушының мемлекеті не Корпорацияның Мүшесі болып табылатын транзиттік мемлекет аумағының кез келген бөлігіндегі кез келген әскери іс-қимыл немесе азаматтық толқу.

(3) Директорлар Кеңесі осы баптың (1) және (2) тармақтарында анықталғандардан өзгеше арнаулы коммерциялық және коммерциялық емес тәуекелдерді жабу үшін өтемақы мөлшерін арттыруды бекіте алады.

(4) Мынадай оқиғалардың нәтижесінде болған шығындар ешбір жағдайда да өтелмейді:

(a) девальвация немесе валютаның құнсыздануы,

(b) Келген елінің немесе Сақтандырушы онымен өзі келіскен не ол үшін жауапты болған Сақтандырушы мемлекетінің өкімет органдарының тарапынан кез келген іс-қимыл немесе жіберілген қателік, және

(c) Келген елі немесе Сақтандырушының мемлекеті өкіметтерінің тарапынан осы Шартты жасасқанға дейін орын алған кез келген іс-қимыл немесе жіберілген қателік.

20-бап. Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары.

Корпорация сақтандырылған немесе қайта сақтандырылған залалдарды толық өтемейді деген жағдайда Директорлар Кеңесі анда-санда шығаруы мүмкін ережелер мен нұсқаулықтарға сәйкес Корпорация Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын дайындайды.

21-бап. Сақтандыру жөніндегі шектеулер.

(1) Егер Басқарушылар Кеңесі барлық Мүшелердің көпшілік даусын білдіретін оның Мүшелерінің көпшілігімен дауыс беру жолымен басқа шешім қабылданбайтын болса, Корпорация өзіне қабылдаған шартты міндеттемелердің жиынтық мөлшері тиісуге болмайтын Директорлар Кеңесі анықтайтындай, қайта сақтандыру жөніндегі оның төлемдерінің бөлігін қосқандағы бүтін төленген капитал және оның резервтері мөлшерінің жүз елу пайызынан аспауы тиіс. Директорлар Кеңесі анда-санда Басқарушылар Кеңесіне шартты міндеттемелердің барынша жоғары жиынтық мөлшерін ұсыну қажет пе, жоқ па екендігін белгілеу мақсатында өтемақыны өтеу жөніндегі өзінің тәжірибесін, тәуекелдерді әртараптандыру дәрежесін, қайта сақтандыру жөніндегі өтеу және басқа да тиісті факторларды ескере отырып, корпорациялық портфель үшін тәуекелдерге шолу жүргізеді. Басқарушылар Кеңесі анықтайтын барынша жоғары мөлшер ешқандай да жағдайда бүтін төленген капитал, оның резервтері және қолайлы деп саналуы мүмкін сақтандыру жөніндегі оның өтеу бөлігі сомасының он есесінен аспауы тиіс.

(2) Осы баптың (1) тармағында белгіленген шартты міндеттемелердің максимумы туралы ережелерге қайшы келмей-ақ, Директорлар Кеңесі мыналарға нұсқау беруі мүмкін:

(a) Мүшемен немесе Сақтандырушылармен жасалған барлық келісім-шарттар бойынша Корпорация өзіне алуы мүмкін әрбір нақты Мүше-мемлекеттен алатын шартты міндеттемелердің барынша жоғары жиынтық мөлшерін. Директорлар Кеңесі тиісті Мүшенің Корпорация капиталындағы үлесін ескере отырып, осындай мөлшерді анықтайды.

(b) кез келген бір операцияға қатысты Корпорация өзіне алуы мүмкін шартты міндеттемелердің барынша жоғары жиынтық мөлшерін.

22-бап. Алымдар мен жарналар.

(1) Корпорация сақтандыруға және қайта сақтандыруға арналған өтінімдерге тексеруді жүзеге асыруға қажетті шығыстардың құнын өтеу үшін алымдар қабылдайтын болады.

(2) Корпорация тәуекелдердің әрбір түріне сәйкес келетін жарналардың ставкаларын, алымдардың және кез келген түрдегі басқа да төлемдердің ставкаларын белгілейді.

(3) Корпорация анда-санда жарналардың, алымдардың және басқа да төлемдердің ставкаларын қайта қарауы мүмкін.

23-бап. Өтемақы төлеу.

Корпорацияның Президенті тиісті оқиғалар басталған жағдайда Директорлар Кеңесі шығаруы мүмкін бас директиваларға сәйкес Сақтандырушыларға Сақтандыру немесе қайта сақтандыру шартының ережелеріне сәйкес өтемақы төлеуге байланысты шешім шығарады. Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарының ережелері Сақтандырушылардан Корпорация төлемдерді жүзеге асырғанға дейін Келген елінің заңдарын ескере отырып, оларға әрдайым қолдануға болатын міндеттемелерге сәйкес келетін әкімшілік шараларды сақтауды талап етуі тиіс. Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарының ережелері өтемақы алуға құқық беретін оқиғалардың басталу сәті мен оны төлеу сәті арасындағы белгілі бір қолайлы уақыт аралығын белгілеуді талап етуі мүмкін.

24-бап. Суброгация.

(1) Сақтандырылған залал жағдайында Сақтандырушыға өтемақы төлей отырып немесе төлеуге келісе отырып, нақты тәуекелді заттандыру нәтижесінде Сақтандырушыда болуы мүмкін сақтандырылған активтерге жататын құқықтар немесе талаптар Корпорацияға өтуі мүмкін. Сақтандыру шарттарының ережелері олардың шеңберінде Сақтандырушының Корпорацияға өтетін құқықтардың шектерін егжей-тегжейлі анықтауы тиіс.

(2) Осы баптың (1) тармағында айтылған Корпорацияның құқықтарын барлық Мүшелер тануы тиіс.

(3) Осы баптың (1) тармағында айтылған Сақтандырушы құқықтарының өтуі нәтижесінде Келген елі немесе Сақтандырушының мемлекеті тиісті оқиғалар басталған жағдайда Сақтандырушыға қатысты өз міндеттемелерін мүмкіндігінше жылдам орындауы және Корпорацияның талап етуі бойынша осындай өту нәтижесінде алынған құқықтардан келіп шығатын барлық артықшылықты пайдалануға мүмкіндік беруі тиіс.

25-бап. Сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі ұлттық, аймақтық және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық.

Осы Шарттың 5-бабының ережелеріне қайшы келместен

(1) Корпорация өз жұмысын жақсарту және Корпорация талап ететіндерге ұқсас жағдайларда коммерциялық және коммерциялық емес тәуекелдердің өтелуін қамтамасыз ету кезінде осы сияқты ұйымдарды қолдау үшін Мүше-мемлекеттердегі ұлттық жеке және мемлекеттік сақтандырушылармен және қайта сақтандырушылармен уағдаластыққа келуі мүмкін. Осындай уағдаластықтар Корпорацияның осы сияқты

ұйымдарды қайта сақтандыру жөніндегі қызметтермен қамтамасыз етуді қамтуы
м ү м к і н .

(2) Корпорацияның мақсаттарына жету үшін ол қолайлы деп санайтын кез келген
нысанда Корпорация осы сияқты ұлттық, аймақтық немесе халықаралық ұйымдармен
ы н т ы м а қ т а с у ы м ү м к і н .

(3) Корпорация ол сақтандырған Экспорттық кредитті немесе инвестицияларды
қайта сақтандыруға байланысты толық көлемде не ішінара кез келген қолайлы қайта
сақтандырушымен қарым-қатынасқа түсуі мүмкін.

VI ТАРАУ. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР.

26-бап. Қаржыны басқару.

(1) Директорлар Кеңесі қаржы мәселелерін реттейтін ереже мен нұсқаулықтарды
Корпорацияның бизнесін жүргізу үшін олар қажет болған жағдайда шығарады.
Хижра Жылы Корпорацияның қаржы жылы болып табылады.

27-бап. Шоттар.

Корпорация өздерінің шоттары бойынша тәуелсіз аудиторлар тексерген жылдық
есептерін жариялайды және Мүшелеріне жібереді.

28-бап. Қорлар.

(1) Қор екі жеке қорларды:

(a) Сақтандырушылар қорларын және

(b) Акционерлер қорын ұстайды және басқарады.

(2) Сақтандырушылар қорының активтері:

(a) сақтандыру мен қайта сақтандыру жарналарынан және жиналған алымдардан,

(b) қайта сақтандырудан алынған өтемақыдан,

(c) Корпорация қызметінің нәтижесінде қалыптасуы мүмкін кірістен;

(d) алдыңғы тармақта (c) түзетіп жазылған кірістер бөлігінің бөлінуі есебінен
б е л г і л е н г е н р е з е р в т е р д е н ,

(e) Сақтандырушылар Қорына жатқызылған резервтерді инвестициялау
нәтижесінде а л ы н ғ а н п а ы д а д а н ,

(f) Мудароба ретінде Сақтандырушылардың Қорының үлесіне тиетін Акционерлер
Қорының ақшалай қаражатын инвестициялаудан түсетін пайданың бөлігінен,

(g) Сақтандырушыларға өтемақы төлегеннен кейін Корпорация оған құқық өтуі
нәтижесінде ол иелік ететін сомадан тұрады.

(3) Акционерлер Қорының активтері:

(a) төленген жарғылық капиталдан, сондай-ақ Акционерлер Қорына жатқызылған
р е з е р в т е р д е н ,

(b) төленген жарғылық капиталды және Акционерлер Қорына жатқызылған
резервтерді инвестициялаудан түскен пайдадан тұрады.

29-бап. Резервтер және таза пайданы бөлу.

(1) Басқарушылар Кеңесі Сақтандырушылар Қорына жатқызылған барлық кірістерді, Акционерлер қорына, резервтерге жатқызылған барлық пайданы осындай резервтер Корпорацияның төленген жарғылық капиталынан бес есе мөлшерге жетпейінше бөледі.

(2) Корпорация резервтері алдыңғы тармақта (1) белгіленген деңгейге жеткеннен кейін Басқару Кеңесі:

а) Сақтандырушылар Қорында жинақталған кірісті резервтер бойынша бөлу не оны Сақтандырушылар арасында бөлу,

б) акционерлер Қоғамында жинақталған таза пайданы Акционерлер Қоғамының резервтеріне бөлу, оны Корпорация Мүшелерінің арасында бөлу не оны басқа тәсілмен пайдалану қажеттілігі және мөлшерлері туралы шешім қабылдайды. Корпорация Мүшелерінің арасында таза пайданы кез келген бөлу Корпорацияның жарғылық капиталындағы әрбір Мүшенің үлесіне үйлесімді жүргізіледі.

30-бап. Бюджет.

Президент Корпорацияның жылдық бюджетін жасайды және оны Директорлар Кеңесіне бекітуге ұсынады.

31-бап. Валютаның айырбас бағамын және олардың айырбасталымдылығын анықтау.

(1) Ислам Динарына қатысты валютаның айырбас бағамын анықтауды немесе валютаның айырбас бағамына қатысты кез келген мәселені реттеуді Халықаралық Валюта Қоры жариялаған баға белгілеулердің негізінде Корпорация жүзеге асыру т и і с .

(2) Осы Шарттың ережелері бойынша валюта еркін айырбасталатындығын анықтау қажеттілігі туындаса, мұндай анықтауды Корпорация жүзеге асырады, ол егер қажет деп санаса, Халықаралық Валюта Қорынан консультация алуына болады.

32-бап. Валютаны пайдалану және айырбастау.

Осы Шарттың 24-бабының ережелерін ескере отырып

(1) Мүше ел оның валютасын не Корпорацияның шотындағы кез келген басқа валютаны алуға, ұстауға және пайдалануға қандай-да бір шектеу енгізбеуі немесе қ о й м а у ы к е р е к .

(2) Мүше-мемлекет Корпорацияның өтініші бойынша Корпорация пайдаланатын өзінің валютасын 31-бапқа сәйкес айырбастау күні анықталған валюта айырбас бағамының негізінде еркін айырбасталатын валютаға жылдам айырбастауды жүзеге а с ы р у ғ а ы қ п а л е т у і т и і с .

(3) Мүше болып табылмайтын мемлекеттердің Корпорация операция жасайтын валютасы өзінің қызметін жүзеге асыру барысында не Мүше-мемлекеттің рұқсатымен Корпорацияның оны әдетте пайдалануын қоспағанда, Мүше-мемлекеттердің

валютасын сатып алу үшін пайдаланылады.

(4) Мүше-мемлекет Корпорация үшін қолайлы айырбасталатын валютадағы Корпорацияның алымдарын аударуға шектеу қоймауы керек.

V ТАРАУ. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ.

33-бап. Корпорацияның құрылымы.

Корпорация Басқарушылар Кеңесінен, Директорлар Кеңесінен, Президенттен, Менеджерден, сондай-ақ Корпорация белгілеуі мүмкін міндеттемелерді орындауға қажет болуы мүмкін басқа органдар мен қызметкерлерден тұрады.

34-бап. Басқарушылар Кеңесі: құрамы.

(1) Басқарушылар Кеңесі Басқарушылардан және Банктің баламалы Басқарушыларынан тұрады. Банктің Басқарушылар Кеңесінің Төрағасы лауазымы бойынша Корпорацияның Басқарушылар Кеңесінің Төрағасы болып табылады.

(2) Басқарушылар мен баламалы Басқарушыларға Корпорациядан сыйақы төленбей, олар осы жұмысты істейді, бірақ Корпорация олар жиналысқа барған кезде шеккен тиісті шығыстарды өтей алады.

35-бап. Басқарушылар Кеңесі: өкілеттіктері.

(1) Корпорацияның барлық өкілеттіктері Басқарушылар Кеңесіне тиесілі.

(2) Басқарушылар Кеңесі Директорлар Кеңесіне қандай да бір немесе,

(a) жаңа Мүшелерді қабылдау және оларды қабылдау шарттарын анықтау,

(b) Корпорацияның жарғылық капиталының белгіленген мөлшерін арттыру немесе

к е м і т у

(c) М ү ш е н і ш ы ғ а р у ,

(d) Директорлар кеңесі ұсынған осы Шартты талқылау немесе қолдану бойынша ш е ш і м қ а б ы л д а у ,

(e) Корпорацияның резервтерін анықтау және таза пайда мен кірістерді бөлу,

(f) О с ы Ш а р т қ а т ү з е т у л е р ж а с а у ,

(g) Корпорацияның қызметін тоқтату және оның активтерін бөлу жөнінде шешім қ а б ы л д а у ,

(h) Директорлардың сыйақысын анықтау,

(i) Басқарушылар Кеңесі үшін арнайы осы Шартта белгіленген басқа ерекше өкілдіктерді жүзеге асыру өкілеттіктерінен басқа барлық өз өкілеттіктерін табыстайды.

(3) Басқарушылар Кеңесі және Директорлар Кеңесі өз өкілеттіктерінің шегінде қызметкерлер штатына, зейнеткерлікке шығу және басқа мәселелерге қатысты ережелер мен нұсқаулықтарды қоса алғанда, Корпорацияның ісін жүргізуге қажет не сәйкес келуі мүмкін ережелер мен нұсқаулықтарды қабылдауы мүмкін. Әзірге мұндай ережелер мен нұсқаулықтар қабылданған жоқ, егер осыған ұқсасты осы Шартта анықталған өкілдіктер шегінде Басқарушылар Кеңесі немесе Директорлар Кеңесі қабылдаған болса, осы Шарттың ережелеріне сәйкес келтіруге мүмкіндік беретін шеңберде Банктің билік органдарының ережелері, нұсқаулықтары мен қаулылары

К о р п о р а ц и я д а

қ о л д а н ы л а д ы .

(4) Басқарушылар Кеңесі өз өкілдіктерін осы баптың (2) және (3) тармақтарына сәйкес Директорлар Кеңесіне кез келген табыстаған жағдайда толық жүзеге асыру құқығын сақтайды.

36-бап. Басқарушылар Кеңесі: рәсімдер.

(1) Басқарушылар Кеңесі жылдық жиналыстарды, сондай-ақ Басқарушылар Кеңесі өткізу қажет деп санаған басқа жиналыстарды өткізеді не Директорлар Кеңесі шақырады. Басқарушылар Кеңесінің жиналыстары әр кезде Банктің не Мүше-мемлекеттердің үштен бірінің ұсынысы бойынша шақырылады.

(2) Корпорацияны Басқарушылар Кеңесінің жылдық жиналысы Банктің Басқарушылар Кеңесінің жылдық жиналысымен бір уақытта өткізіледі.

(3) Басқарушылардың көпшілігі, осындай көпшілік барлық Мүшелердің жалпы санының кемінде үштен екісін білдіреді деген шартпен Корпорация Басқарушыларының әрбір жиналысына кворум белгілеуі тиіс.

(4) Басқарушылар Кеңесі нұсқаулық түрінде рәсім әзірлейді, оның көмегімен Директорлар Кеңесі егер соңғысы мұндай іс-қимыл мақсатты деп санаса, Басқарушылар Кеңесінің жиналысын шақырмай-ақ, кейбір арнаулы мәселелер жөнінде шешім қабылдайды.

37-бап. Директорлар Кеңесі: құрамы.

(1) Банктің Атқарушы Директорларының Кеңесін Корпорацияның Директорлар Кеңесі қ ұ р а й д ы .

(2) Банктің Атқарушы Директорлары Кеңесінің барлық нұсқаулықтары, қаулысы және рәсімдері егер соңғысы Банктің Атқарушы Директорларының Кеңесі болып табылса, Корпорацияның Директорлар Кеңесіне қатысты.

38-бап. Директорлар Кеңесі: өкілеттіктері.

Директорлар Кеңесі Корпорацияның қызметіне жалпы басшылық жасауға жауап береді және осы мақсатпен осы келісіммен оған арнайы ұйғарылған өкілдіктерге қосымша Басқарушылар Кеңесі оған табыстаған барлық өкілдіктерді орындайды, атап а й т қ а н д а :

(1) Басқарушылар Кеңесінің жұмысын дайындайды;

(2) Басқарманың бас директиваларына сәйкес Корпорацияның бизнесін және оның қызметін жүзеге асыру үшін бағыттар әзірлейді;
ж ә н е

(3) Корпорацияның бюджетін бекітеді.

39-бап. Директорлар Кеңесі: рәсімдер.

(1) Директорлар Кеңесі, егер Кеңес басқаша шешпесе, Корпорацияның бас офисінде жұмыс істейді және Корпорацияның бизнесі қанша қажет етсе, сонша рет кездеседі.

(2) Басқарушылар Кеңесі Директорлар кеңесінің құрамында оның азаматтылығының Директоры жоқ болса, Мүше-мемлекет өзінің өкілін дауыс беру

құқығынсыз, Директорлар кеңесінің кез келген жиналысына қатысу үшін, атап айтқанда талқыланатын мәселелер Мүше-мемлекеттің мүддесін қозғаса, жібере алады.

40-бап. Дауыс беру.

(1) Әрбір Мүшенің қол қойылған және төленген акцияның әрқайсысына бір дауысы болады.

(2) Басқарушылар Кеңесінде дауыс беру кезінде әрбір Басқарушы Банк акцияларының жалпы санына қатысты Банктегі Мүше-мемлекеттің ұсынылған акция санының үйлесіміне тең болатын Корпорациядағы Банктің үлесіне үйлесімді дауыс санын беруге құқығы бар. Егер Банктің Мүшесі Корпорацияға Мүше-мемлекет болып табылса, оның атынан өкілдік етуші Басқарушы жоғарыда анықталған Банк дауыстарының үйлесімді үлесіне қосымша Корпорацияның құрамындағы осындай Мүше-мемлекетке берілген дауысты беруге құқығы бар.

(3) Егер осы Шартта өзгеше негізделмесе, Басқарушылар Кеңесінде көтерілген мәселелер бойынша барлық шешімдер жиналысқа қатысушылардың жалпы санының көпшілік даусымен қабылдануға тиіс.

(4) Осы баптың (1) тармағының ережелерін ескере отырып, Директорлар Кеңесінде дауыс беру уақытында

(а) тағайындалған Директор өзі өкілдік ететін, Корпорацияда құқыққа қабілетті Мүше-мемлекетке дауыс беруге құқығы бар. Бұған қосымша мұндай Директордың Банктің жарғылық капиталының жалпы мөлшеріне қатысты Банкте ол өкілдік ететін Мүше-мемлекеттің ұсынылған акциясы мөлшерінің үйлесіміне тең болуы тиіс Корпорациядағы Банк дауыстарының үлесіне үйлесімді дауыс санын беруге құқығы бар.

(б) Сайланған Директор Корпорацияда осы мемлекеттердің құқығы бар оларға Мүше-мемлекеттері берген Банк үшін дауыс беруге құқығы бар. Бұған қосымша мұндай Директордың Банктің жарғылық капиталының жалпы мөлшеріне қатысты ол Банкте білдіретін Мүше-мемлекеттің ұсынылған акциясының жалпы санына мөлшерлес тең болуы тиіс Корпорациядағы Банк дауыстарының үлесіне шамалас үлесті беруге құқығы бар. Сайланған Директор беруге құқығы бар дауыстарын бір дауыс ретінде беруге міндетті емес.

41-бап. Президент.

(1) Банктің Президенті атқаратын лауазымына қарай Корпорацияның Президенті болады.

(2) Президент Корпорацияның атқарушы өкіметінің басшысы болып табылады және Директорлар Кеңесінің басшылығымен Корпорацияның барлық істерін жүргізеді. Президент ұйымдастыру жұмыстарын, Директорлар кеңесі қабылдаған ережелер мен нұсқаулықтарға сәйкес лауазымды тұлғаларды және штат қызметкерлерін орнына тағайындау және орнынан алу үшін жауап береді.

(3) Президент Корпорацияның заңды өкілі болып табылады және Корпорация

қызметінің түрлерін мақұлдауға және Директорлар Кеңесі әзірлеген бас директиваларға сәйкес осы Шартқа қатысы бар келісім-шарттарды жасауға өкілеттігі бар.

(4) Осы баптың (2) тармағына сәйкес лауазымды тұлғаларды және штаттың қызметкерлерін тағайындау кезінде Президент тиімділіктің және техникалық құзыреттіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз етудің бірінші дәрежелі маңыздылығын ескере отырып, қаншалықты бұл мүмкін болатындай неғұрлым кең географиялық өкілдіктің негізінде персоналды жұмысқа қабылдау мәселесіне ерекше назар аударуы тиіс.

(5) Жоғарыда суреттеліп жазылған жалпы ережелерді ескере отырып, Президент Корпорацияның Менеджерін тағайындайды, оған Корпорацияның бизнесін жүргізу жөніндегі ағымдағы міндеттер жүктеледі. Президент осы Шарттың негізінде президенттік өкілеттіктерінің кез келгенін Менеджерге табыстай алады. Президент Менеджердің жалақысын және жұмыс шартын анықтайды және оны қайта тағайындай алады.

42-бап. Корпорацияның халықаралық сипаты және саяси қызмет жүргізуге тыйым салу.

(1) Корпорация, оның Директорлары, Президенті, лауазымды тұлғалары және штат қызметкерлері кез келген Мүше-мемлекеттің саяси ісіне араласа алмайды. Инвестицияны немесе Экспорттық кредитті жүзеге асыру кезінде қалыптасқан барлық жағдайларды назарға ала отырып, өздерінің құқықтарына нұқсан келтірмей Корпорация, оның Директорлары, Президенті, Менеджері, лауазымды тұлғалары және штат қызметкерлері өз шешімдерінде қаралған Мүшенің немесе Мүше-мемлекеттің саяси сипатынан тәуелді болмауы тиіс.

(2) Өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Корпорацияның Президенті, Менеджері, лауазымды тұлғалары және штат қызметкерлері оларды қандай-да бір басқа басшылық үшін емес, толығымен Корпорация үшін орындауы тиіс. Корпорацияның әрбір Мүшесі оның міндеттерінің халықаралық сипатын құрметтеуі және олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде олардың кез келгеніне ықпал етудің барлық әрекетінен қалыс қалуы тиіс.

43-бап. Коммуникациялар арнасы және депозитарийлер.

Мүше-мемлекеттер коммуникациялардың жаңа арналарын және жаңа депозитарийлерін белгілегенге дейін осы Шарт күшіне енгеннен кейін 60 күн ішінде осы Шарт бойынша туындаған кез келген мәселеге байланысты коммуникацияның арнасы болып, әрбір Мүше-мемлекеттің валютасын және сондай-ақ Корпорацияның басқа активтерін сақтау үшін депозитарийі болып Банктің Құрылтай Шартының 40-бабын орындау үшін осы Мүше-мемлекет таңдап алған коммуникация арнасы және депозитарий болып табылады.

44-бап. Есептер және баяндамалар.

(1) Корпорация Мүшелеріне оның қызметінің нәтижелерін көрсететін тоқсандық е с е п т е р д і ұ с ы н а д ы .

(2) Корпорация егер бұл оның мақсаты мен функциясын жүзеге асыру үшін қажет болса, сол сияқты басқа есептерді де жариялай алады. Мұндай есептер Мүшелерге беріледі.

VI ТАРАУ. ҚҰРАМНАН ШЫҒУ ЖӘНЕ МҮШЕЛІКТІ УАҚЫТША ТОҚТАТУ; КОРПОРАЦИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІН УАҚЫТША ЖӘНЕ ТҮПКІЛІКТІ ТОҚТАТУЫ.

45-бап. Құрамнан шығу.

(1) Бірде бір Мүше-мемлекет оның мүшелікке енген күнінен бастап 5 (Бес) мерзім өткенге дейін Корпорациядан шығуға құқығы жоқ.

(2) Осы баптың (1) тармағын ескере отырып, кез келген Мүше-мемлекет Корпорацияға жазбаша нысанда хабарлама бере отырып, Корпорациядан шыға алады.

(3) Осы баптың (1) тармағын ескере отырып, Мүше-мемлекеттің шығуы іс жүзінде анық болады және оның мүшелігі оның хабарламасында көрсетілген күні, бірақ ешқандай да Корпорация бұл хабарламаны алған күннен кейін кемінде 6 (алты) ай өткеннен кейін тоқтатылады. Алайда, шығу іс жүзінде анық болғаннан кейін кез келген сәтте Мүше-мемлекет құрамнан шығу ниеті туралы оның хабарламасының күшін жою туралы жазбаша нысанда Корпорацияны хабардар ете алады.

(4) Құрамнан шығатын Мүше-мемлекет оның шығуы іс жүзінде анық болатын күнге Корпорация алдындағы тікелей және шартты міндеттемелер бойынша жауап беруді өзіне қалдырады. Құрамнан шығатын мүше-мемлекет Корпорация мен Мүше-мемлекет арасындағы осындай инвестицияларға қатысты Корпорация үшін қолайлы келісім жасалғанға дейін Корпорацияның пікірі бойынша осы Мүше-мемлекеттің аумағында Корпорацияның инвестицияларына әсер ететін осы Шарттың ережелері бойынша сол сияқты субъекті де болып табылады. Мүше-мемлекеттің шығуы іс жүзінде анық болған жағдайда осы күннен кейін Корпорация қызметінің нәтижесінде туындаған міндеттемелер бойынша жауап б е р м е й д і .

(5) Ұйымда мүшелігін тоқтатқан кез келген Мүше-мемлекет осы баптың ережелерінің негізінде Корпорацияның құрамынан шыққандығы туралы хабардар етілген болып саналады. Шығуы түпкілікті іс жүзінде анық болған күнді осы баптың (1) тармағын ескере отырып Басқарушылар Кеңесі анықтайды.

46-бап. Мүшелігінің тоқтатылуы.

(1) Егер Мүше-мемлекет Корпорация алдындағы өз міндеттемелерінің кез келгенін орындауға дәрменсіз болса, Басқарушылар Кеңесі Мүшелердің жалпы санының кемінде төрттен үшін білдіретін дауыс берудің негізінде мұндай Мүше-мемлекеттің м ү ш е л і г і н т о қ т а т а а л а д ы .

(2) Мүшелігі осылайша тоқтатылған Мүше-мемлекет тоқтатылған күннен кейін бір

жыл кезең өткеннен кейін Корпорацияға мүшелігін автоматты түрде тоқтатады, Егер Басқарушылар Кеңесі осы кезеңнің уақытында Басқарушылар Кеңесі оның мүшелігін тоқтату туралы шешім қабылдау үшін қажет дауыс беру кезінде сол көпшіліктің негізінде осы Мүше-мемлекеттің мүшелігін қалпына келтіруді шешкенге дейін, қажет деп санаса оның кезеңі ұзартылуы мүмкін.

(3) Мүшелігі тоқтатыла тұру жағдайында бола отырып, Мүше-мемлекеттің осы Шартта көзделген қандай-да болмасын құқығы жоқ, бірақ ол бойынша барлық міндеттемелерін орындайды.

47-бап. Мүшелігін тоқтату кезіндегі міндеттемелер бойынша берешегін өтеу.

(1) Мемлекет Мүшелігін тоқтатқан күннен кейін осы күнге ол қабылдаған Корпорацияға қатысты өзінің тікелей міндеттемелері бойынша жауапкершілікті өзіне қалдырады. Ол сондай-ақ ол Мүше болуын тоқтатудың алдында орындалған операцияның кез келген бөлігі шешілмей қалған болса, Корпорацияға қатысты өзінің шартты міндеттемелері бойынша жауапты болып қалады, бірақ ол осы күннен кейін Корпорация орындаған операциялар бойынша міндеттемелерді өзіне алмайды, сондай-ақ Корпорацияның пайдалары мен шығыстарын бөлуде қатыспайды.

(2) Мемлекет мүше болуын тоқтатқан сәтте, Корпорация осы баптың (3) және (4) тармақтарының ережелеріне сәйкес оның берешегін өтеу бөлігі ретінде осындай мемлекеттің акцияларын қайта сатып алу жөнінде шаралар қолданады. Осы мақсатта акцияларды қайта сатып алу бағалары үшін мемлекет мүшелігін тоқтатқан күнгі осындай акциялардың бухгалтерлік құны алынады.

(3) Осы бапқа сәйкес Корпорацияның акцияларды қайта сатып алуын төлеу мынадай шарттармен жүзеге асырылуы тиіс.

(а) өз акцияларына Мүше-мемлекет алатын кез келген сома осы Мүше-мемлекет, оның орталық банкі немесе уәкілетті немесе саяси бөлімшелері агенттерінің кез келгені Корпорация алдында міндеттемесі болғанға дейін ұсталатын болады. Корпорацияның таңдауы бойынша осындай Мүше-мемлекетке тиесілі кез келген сома ол аяқталғаннан кейін осындай Мүше-мемлекеттің кез келген міндеттемесіне жатқызылатын болады;

(b) акцияларды қайта сатып алу бағасы (осы баптың (2) тармағына сәйкес) және Корпорация алдындағы Мүше-мемлекет міндеттемелерінің жалпы сомасы арасындағы айырмаға тең таза сома Мүше-мемлекет білдіретін меншік құқығы тиісті акцияларына аударылғаннан кейін, Корпорация анықтайтындай 5 (Бес) жылдан аспайтын уақыт аралығы ішінде төленетін болады;

(с) төлемдер еркін айырбасталымды валютада жүзеге асырылады; және,

(d) егер Корпорация Мүше-мемлекет өз мүшелігін тоқтатқан күні қалған сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі операциялар бойынша залал шексе және осындай залалдардың сомасы қайта сатып алу бағасы анықталған кезде залалдар есепке алынған болса ұйғарылып отырған Мүше-мемлекет талап ету бойынша оның қайта

сатып алу бағасы сомасына төлейтін күнінде залалдарды жабуға арналған резервтер
с о м а с ы н а н а с ы п т ү с с е .

(4) Егер Корпорация кез келген Мүше-мемлекет өз мүшелігін тоқтатқан күннен кейін 6 (Алты) ай ішінде осы Шарттың 49-бабының ережелеріне жататын өз операцияларын тоқтатса, мұндай Мүше-мемлекеттің барлық құқықтары осы Шарттың 49 және 51-баптарының ережелеріне сәйкес анықталатын болады. Осындай Мүше-мемлекет осы баптардың ережелері шеңберінде Мүше болып саналатын болады, бірақ дауыс беру құқығынан айырылатын болады.

48-бап. Қызметтің уақытша тоқтатылуы.

(1) Директорлар Кеңесі ол әділ деп санаған кезде белгілі бір кезеңге сақтандыру немесе қайта сақтандыру жөніндегі қызметтерді ұсынуды кез келген сәтте тоқтата
а л а д ы .

(2) Директорлар Кеңесі күтпеген жағдайлар басталған кезде Корпорацияның және үшінші тараптардың мүдделерін қорғау үшін қажетті шаралар қолданылатынын ескере отырып, осындай мән-жайлардың ұзақтығынан аспайтын мерзімге Корпорацияның
қ ы з м е т і н т о қ т а т а а л а д ы .

(3) Қызметті тоқтату шешімі осы Шартқа қатысты Мүшелер міндеттерінің немесе Сақтандырушыларға немесе үшінші тараптарға қатысты Корпорация міндеттерінің жағдайына ешқандай әсер етпейді.

49-бап. Қызметті тоқтату.

(1) Корпорация Мүшелердің барлық дауыстарының жалпы санының кемінде төрттен үшін білдіретін Басқарушылардың жалпы санының үштен екісімен расталған Басқарушылар Кеңесі қарарының негізінде өз қызметін тоқтата алады. Осындай тоқтатудан кейін Корпорация оның активтерін міндетті түрде іске асыруды, сақтап қою және қорғау және оның міндеттемелерін қорғауды талап ететін жағдайларды қоспағанда, бүкіл қызметін бірден аяқтайды.

(2) Осындай міндеттемелерді түпкілікті орындау және активтерді бөлу жүргізіліп біткенге дейін, Корпорация әрекет ете береді және Корпорацияның және оның Мүшелерінің барлық өзара құқықтары мен міндеттері күшінде қалады.

50-бап. Мүшелердің жауапкершілігі және талаптарды төлеу.

(1) Корпорацияның қызметі тоқтатылған жағдайда Корпорацияның талап етілмеген акционерлік капиталы жөніндегі барлық Мүше-мемлекеттердің жауапкершілігі несие берушілердің және Сақтандырушылардың барлық талаптары, шартты міндеттемелерді қоса алғанда, қанағаттандырылғанға дейін жарамды болады.

(2) Корпорацияның қызметі тоқтатылған жағдайда

(а) Акционерлер Қорына жататын борыштар Акционерлер Қоры активтерінің есебінен төленетін болады. Егер осындай активтер осындай борыштарды өтеу үшін жеткіліксіз болса, соңғылары өндіріп алуға жататын төленбеген акционерлік капитал бойынша Корпорация қорландыратын төлемдерден төленеді.

(b) Сақтандырушылар Қорына жататын борыштар Сақтандырушылар Қоры активтерінің есебінен бірінші кезекте төленетін болады. Аталған сияқты борыштар осылайша төленгеннен кейін, Сақтандырушылардың талаптары қанағаттандырылатын болады. Егер Сақтандырушылар Қорының активтері аталған талаптарды қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, соңғылары Акционерлер Қорынан қанағаттандырылуы тиіс. Егер Акционерлер Қорының активтері осындай талаптарды қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, мұндай есеп айрысу қайтарылмайтын жарналар түрінде жүргізілген жағдайда олар өндіріп алуға жататын төленбеген акционерлік капитал жөніндегі қорландырылған төлемдер есебінен өтелетін болады.

(c) егер активтер Сақтандырушылардың талаптары бойынша борыштарды өтеуге немесе төлеуге жеткіліксіз болса, қолда бар активтер несие берушілер мен Сақтандырушылар арасында мөлшерлес бөлінуі тиіс.

51-бап. Активтерді бөлу.

(1) Егер борыштарды өтегеннен және Сақтандырушылардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін Сақтандырушылар Қорында кез келген қаражаттар қалса, мұндай активтер қайырымдылық мақсатында пайдаланылуы тиіс.

(2) Егер борыштарды өтегеннен және Сақтандырушылардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін Акционерлер Қорында кез келген қаражаттар қалса, мұндай активтер Корпорация мүшелерінің арасында әрбір Мүшеге тиесілі төленген акциялардың құнына мөлшерлес бөлінуі тиіс. Мұндай бөлуді барлық Мүшелердің кемінде жалпы санынан төрттен үшіне қарағанда ұсынатын Басқарушылардың жалпы санынан үштен екісінің дауыс беру негізінде Басқарушылар Кеңесі мақұлдауы тиіс.

(3) Осы баптың шарттарына сәйкес бөлінетін қаражаттарды алатын кез келген Мүшенің бөлуді жүзеге асыруға дейін Корпорацияда қандай құқықтары болған болса, осы қаражаттарға қатысты да сондай құқықтары болады.

VII ТАРАУ. ИММУНИТЕТТЕР, ЖЕҢІЛДІКТЕР ЖӘНЕ АРТЫҚШЫЛЫҚТАР.

52-бап. Корпорацияның иммунитеттері.

Өз мақсаттарын жүзеге асыру және оған жүктелген функцияларын орындау мүмкіндігі болуы үшін Корпорация, Басқарушылар, баламасы Басқарушылар, Директорлар, Президент, Менеджер, лауазымды тұлғалар, активтер, мұрағаттар және байланыс арналары әрбір Мүше-мемлекеттің аумағында Банктің Құрылтайшы Шартының 53, 54, 55, 56, 57, 58 және 59-баптарында сипатталған барлық тиісті иммунитеттермен, жеңілдіктермен және артықшылықтармен қамтамасыз етіледі.

53-бап. Активтердің иммунитеті.

(1) Осы Шарттың 54-бабының ережелерін ескере отырып, Корпорацияның мүлкі және активтері тінтуге, иеліктен айыруға, тәркілеуге, экспроприациялауға немесе оларға тиым салатын әкімшілік немесе заңнамалық тәртіптің кез келген басқа әрекетіне ж а т п а й д ы .

(2) Осы Шарттың ережелеріне сәйкес өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті шеңберде Корпорацияның барлық мүлкі және активтері Сақтандырушының құқықтық мирасқоры ретінде Корпорация иелік ететін мүлік және активтер құқықтық мирасқоры Корпорация болып табылатын Сақтандырушыға қатысты қолданылатын Мүше-мемлекет аумағында әрекет ететін тиісті валюталық шектеулерден, нұсқаулықтардан және бақылаудан босатылатынын ескере отырып, кез келген түрдегі шектеулерден, нұсқаулықтардан, бақылаудан және мораторийден босатылады.

54-бап. Сот рәсімдері.

Корпорацияға қатысты Корпорацияның офисі орналасатын болмаса қызметтерді немесе процесті жүргізу туралы хабарлама алу үшін тағайындалған агенті бар Мүше-мемлекет аумағында құзыретті соттың шеңберінде тек 59-бапта сипатталғандардан өзгеше әрекет қолданылуы мүмкін. Мұндай әрекеттердің ешбірі Мүшелер тарапынан талаптарын қанағаттандыруға ұмтыларын немесе (ii) қызметкерге қатысы бар мәселелерге байланысты Мүшелер немесе тұлғалар (i) тарапынан Корпорацияға қарсы қолданылуы мүмкін емес. Корпорацияның мүлкі және активтері қай жерде болмасын және оларды кімдер басқармасын осы Шарттың 52 және 53-баптарының ережелеріне сәйкес Корпорацияға қарсы бағытталған үкім немесе сот шешімін алған сәтке дейін иммунитеті болады.

55-бап. Шарттың ережелерін орындау.

Әрбір Мүше-мемлекет өзінің заңды жүйесіне сәйкес оның аумағында осы тарауда айтылған ережелерді жүзеге асыру үшін қажетті тиісті шаралар дереу қабылдануы және осы мәселеге қатысты олар қабылдаған шаралар туралы Корпорацияға хабарлауы тиіс.

56-бап. Иммунитеттерден, жеңілдіктерден және артықшылықтардан бас тарту.

Корпорация өз қалауынша кез келген мән-жайларда және кез келген уәж бойынша осы тарау негізінде ұсынатын артықшылықтардан, иммунитеттерден және жеңілдіктерден, ол өз мүдделерін таңдаулы жолмен сақтау үшін қолайлы деп анықтауы мүмкін тәсілмен және осындай шарттар негізінде бас тартуы мүмкін.

VIII ТАРАУ. ТҮЗЕТУЛЕР, ТҮСІНІК БЕРУ, ТӨРЕЛІК СОТ

57-бап. Түзетулер.

(1) Осы Шарт мүшелердің жалпы санының кемінде төрттен үшін білдіретін Басқарушылардың жалпы санының үштен екісінің даусымен мақұлдаған Басқарушылар Кеңесі қарарларының негізінде түзетулер енгізілуі мүмкін.

(2) Осы Баптың (1) тармағының ережелеріне қарамастан, кез келген түзетуді мақұлдау үшін Басқарушылар Кеңесінің шешімін бір ауыздан келісуі талап етіледі, ол:

(a) Корпорацияның құрамынан шығу құқығына;

(b) 12-баптың (2) және (3) тармақтарында белгіленген міндеттемелер бойынша шектеулерге ;

(с) 9-баптың (5) тармағында анықталған акцияларды сатып алуға қатысты құқықтарға өзгерістер енгізеді.

(3) Осы Келісімге түзетулер енгізу туралы Мүшелер тарапынан да, Директорлар Кеңесі тарапынан да болатын кез келген ұсыныс Басқарушылар Кеңесіне ұсыныс енгізетін Басқарушылар Кеңесінің Төрағасына берілуі тиіс. Егер түзету мақұлданса, Корпорация мұны барлық Мүшелерге жіберілетін ресми хабарында растайды. Түзетулер егер Басқарушылар Кеңесі басқа мерзімді белгілемесе, ресми хабар жасалған күннен кейін 3 (үш) айдан соң барлық Мүшелер үшін күшіне енеді.

(4) Корпорацияның Шариғат ережелерін ұстануына ықпал ететін бір де бір түзету жүзеге асырылмауы тиіс.

58-бап. Тілдер, түсінік беру және қолдану.

(1) Корпорацияның ресми тілі Араб тілі болып табылады. Оған қосымша ретінде ағылшын және француз тілдері жұмыс тілдері болып табылады. Араб тіліндегі Шарттың мәтіні түсіндіру үшін де, оны қолдану үшін де дәлме-дәл (бастапқы) болып табылады.

(2) Кез келген Мүше мен Корпорация арасында немесе Корпорацияның екі немесе бірнеше Мүшелері арасында туындайтын осы Шарттың ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға байланысты кез келген қарама-қайшылық Директорлар Кеңесіне өтініш жасау арқылы шешілуі тиіс. Егер Кеңесте осындай қарама-қайшылыққа келген Мүше-мемлекеттің азаматы болып табылатын Директор болмаса, онда 39-баптың (2) тармағының ережесі қолданылады.

(3) Кез келген мүше Директорлар Кеңесі осы Баптың (2) тармағына сәйкес шешім шығарғаннан кейін 6 (Алты) айдың ішінде, шешімі түпкі болып табылатын Басқарушылар Кеңесінің қарауына даулы мәселенің ұсынылуын талап ете алады. Басқарушылар Кеңесі шешім шығарғанын күте отырып Корпорация, ол қажет деп санайтындықтан Директорлар Кеңесінің шешімі негізінде әрекет ете алады.

59-бап. Төрелік сот.

(1) Егер Корпорацияның қызметін тоқтату туралы қарар қабылданғаннан кейін Корпорация мен өзінің мүшелігін тоқтатқан мемлекет арасында немесе Корпорация мен кез келген Мүше арасында немесе Сақтандырушының құқықтық мирасқоры ретінде әрекет ететін Корпорацияның талаптары бойынша Корпорация мен Мүше-мемлекет арасында немесе осы Шарттың 58-бабының (2) тармағында айтылғандардан басқа кез келген басқа мәселе бойынша Корпорация мен Мүше арасында дау туындаса, онда мұндай дауды бейбіт тәсілдермен шешу қажет. Егер келісім бейбіт тәсілдермен шешілмесе, осындай келіспеушілік үш (3) төрешіден тұратын төрелік сот негізінде шешілуі тиіс. Төрешілердің бірін Корпорация тағайындайды, екіншісін - қарсы тарап және үшінші төрешіні Ұйымның Бас Хатшысы тағайындайды. Төрешілер дауыстарының көпшілігі тараптар үшін түпкі және міндетті болып табылатын осындай түрдегі шешімді шығару үшін жеткілікті болады. Үшінші

төрешіге осы бапта айтылған тараптар арасында келіспеушілік туындағанда, кез келген жағдайда барлық рәсімдік мәселелерді шешуге уәкілеттік беріледі.

(2) осы бапта айтылған тараптар арасындағы Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарына байланысты туындайтын кез келген келіспеушілік бұйрық берілуі немесе нақты шартқа қатысы болуы тиіс ережелерге сәйкес түпкі анықтау үшін төрелік сотқа өтініш жасауы тиіс.

60-бап. Берілген болып саналатын мақұлдау.

Корпорация жасауы мүмкін кез келген әрекетке дейін кез келген Мүшені мақұлдау қажет болатын әрбір кезде, егер мүшені ұсынылатын іс-әрекет туралы хабардар ете отырып, Корпорация тағайындауы мүмкін осындай шарттасқан уақыт аралығында мүшелер қарсылық білдірмесе, мақұлдау берілген болып саналады.

IX ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

61-бап. Қол қою және сақтау.

(1) Осы Шарттың түпнұсқасы осы Шартқа А Қосымшада санамаланған Банктің штаб-пәтеріндегі 1993 жылғы 6 ақпанға сәйкес келетін Қыжыраның 1413 жылғы Шабан айының 15 күніне дейін бір данада араб, ағылшын және француз тілдерінде Банк және Мемлекет Үкіметтері қол қою үшін ашық қалдырылады. Бұл құжат бекітілгеннен кейін Корпорацияның бас офисінде сақталатын болады.

(2) Банк Шарттың расталған көшірмелерін Корпорацияның Мүшелері болып қабылданған барлық жазылғандарға және басқа мемлекеттерге жіберуі тиіс.

62-бап. Бекіту және одан туындайтын салдарлар.

(1) Осы Шарт Банктің және Шарттың тараптары болып табылатын мемлекеттердің тарапынан бекітуге немесе қабылдауға жатады. Қабылдау туралы бекітілетін грамоталар немесе құжаттар осындай құжаттарды сақтауға қабылдау және осы қабылдау күні туралы Шарттың басқа тараптарын тиісті түрде хабардар ететін Банкке с а қ т а у ғ а т а п с ы р ы л а д ы .

(2) Осы Шартты бекіте немесе қабылдай отырып, осы Шарттың ережелеріне сәйкес сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі қызметтерді осы Мүше-мемлекеттің аумағында ұсынуға осы Мүше-мемлекет барлық уақытта Корпорацияға уәкілеттік беретін болып саналады.

63-бап. Күшіне енуі.

Осы Шарт жарғылық капиталға жарналары жиынтығында Жиырма Бес Миллион Ислам динарынан (ID 25,000,000) кем емес құрайтын қабылдау туралы бекітілген грамоталарды немесе құжаттарды Мүше-мемлекеттер сақтауға тапсырған сәттен бастап күшіне енеді.

64-бап. Қызметтің басталуы.

(1) Басқарушылар Кеңесі өзінің бастапқы жиналысында Корпорация өз қызметін бастайтын күнді анықтау үшін шаралар қолданады.

(2) Корпорация оның қызметінің басталу күні туралы өз Мүшелерін хабардар етуі тиіс.

1992 жылғы 19 ақпанға сәйкес келетін Қыжыра бойынша 1412 жылғы Шабан айының 15 күні Трипольда, Ұлы Социалистік Халық Ливия Араб Жамахириясында жасалды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК